



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

**2021 жылғы төлем балансын алдын ала бағалау туралы
ҚР ҰБ Төлем балансы басқармасының бастығы Нұрлан Оспановтың
түсіндірмесі**

2022 жыл, 17 ақпан

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2021 жылға арналған **төлем балансының алдын ала мәліметтерін** құрап шығарды.

Алдын ала мәліметтер бойынша, **ағымдағы шоттың тапшылығы 5,7 млрд долларды** құрады. Дүниежүзілік экономиканың ұзақ мерзімді өсу трендіне бірте-бірте оралуы шикізатқа деген сұраныстың артуына және қазақстандық экспорттағы негізгі тауарлар бағасының өсуіне түрткі болды. Соның әсерінен ағымдағы шот аздап жақсарды – 2020 жылмен салыстырғанда тапшылық 12,7%-ға немесе **0,8 млрд долларға** қысқарды.

Қазақстан экономикасының Covid-19 жайына бейімделуі, сондай-ақ жаһандық сұраныстың қалпына келуі сыртқы **сауда айналымының** 18,1%-ға ұлғаюына ықпал еттіп, **99,6 млрд долларды** құрады. Бұл өсім **экспорттың** 27,2%-ға **60,2 млрд долларға** дейін және **импорттың** 6,6%-ға **39,4 млрд долларға** дейін өсуіне байланысты болды. Соңында **сауда балансы 20,7 млрд доллар** профицитпен қалыптасты.

Экспорт негізінен мұнай мен газ конденсатын жеткізу құнының 31,2%-ға **31,1 млрд долларға** дейін ұлғаюына себеп болды. Экспортқа түсті металдар да қолдау көрсетті, олар 25,1%-ға өсіп, **6,1 млрд долларды** құрады, қара металдар 55,6%-ға өсіп, **5,0 млрд долларға** дейін өсті. Экспорттағы мұнай мен металдардың жалпы үлесі шамамен **70%-ды** құрады.

Тауарлар **импорты** 6,6%-ға өсіп, 2019 жылғы коронавирус дағдарысына дейінгі деңгейге жақындап, **39,4 млрд долларға** жетті. **Тұтыну импорты** соңғы 6 жылда **рекордтық** көрсеткішке жетті – **12,3 млрд доллар**. 2020 жылы кейінге қалдырылған шығыстардың жүзеге асырылуына, карантиндік шектеулердің және халықтың тиімді сұранысының өсуіне байланысты импорттық автокөліктерді, компьютерлерді және ұялы телефондарды сатып алу саны артты. Бұл тауарлардың жиынтық өсімі **1,5 млрд долларды (+53,3%)** құрады.

Тікелей инвесторлардың кірісі 56,4%-ға өсіп, **25,2 млрд долларды** құрады. Бұл ретте дивидендтер шикізат бағасының өсуіне байланысты 57,7%-ға өсті.

Шетелдік инвесторлар **кірісінің өсуі** және **импорттың жоғары деңгейі** ағымдағы шоттың оң аймаққа өтуіне мүмкіндік бермейді. 2015 жылдан бастап **ағымдағы шот** 2018 және 2021 жылдардағы мұнай бағасының кезеңдік максимумдарына қарамастан тапшылықта қалыптасып отыр.

Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz

